

## **Қосымша білім беру жүйесі – қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдайда балалардың әлеуметтік бейімделуі мен кәсіби өзін-өзі анықтаудағы факторы**

Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы бойынша 4 қосымша білім беру орталықтары жұмыс жасайды. Ол 93,5% оқушыларды қамтып отыр. Сол орталықтардың бірі БШО. 2005 жылы ашылған Балалар шығармашылығы орталығы көркем-эстетикалық, ғылыми-техникалық және қолөнер бағыттары бойынша балалардың шығармашылық дағдыларын дамытуға, қабілеттерін жан-жақты шыңдауға, жалпы рухани-мәдени, құндылықтарымызды насихаттауға, қосымша білім мен тәрбие беру саласының үздік ұстанымдарын негізге ала отырып жұмыстанады. Орталықта 162 үйірме, 3676 оқушы немесе барлық оқушының 57 % үйірмелермен қамтылған.

### **Орталық 4 бағытта жұмыстанады.**

1) “Болашақ” ғылыми-әдістемелік және инновациялық бөлім (математика, тарих, биология, география, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, химия, физика);

2) Эстетикалық бағыт (би, сурет, зергер, қолөнер, драма, вокал, дебат, техник, фото, тілашар (ағылшын тілі), жас ақындар, гүлдер әлемі, домбыра, дизайн, мүсіндеу, КТК);

3) Оқушылар демалысы. 40 орындық «Ақ шағала» сауықтыру лагері;

4) «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы.

Орталықта психолог кабинеті жұмыс жасайды. Ол оқушылармен жеке де, топ арқылы да, олардың мінез-құлықтарын зерделеп отыр. Анкеталар, тренингтер ойын сабақтары жүргізу әдетке енді. Олардың өмірге деген құлшыныстарын дамытады, сондай-ақ мамандық таңдауға әрекет етеді. Олардың ата-аналарымен «Ашық есік» күнін өткізіп, қат-қабат өмір белестерін түсіндіріп отырады. Сенім телефоны жұмыс жасайды.

Орталық психологі ІІБ қызметкерлерімен, коррекциялық орталықтың мамандарымен, мектеп әкімшілігімен, сынып жетекшілерімен бірлесе түрлі шаралар мен акциялар ұйымдастырады.

Педагог пен білім алушылардың іскерлігі шығармашылықпен тікелей байланысты. Ал шығармашылық – ізденімпаздық бастамасы.

Үйірме мүшелері облыстық, республикалық, халықаралық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. Қазақстан Ұлттық Дельфий ойындарынан 8 медаль (3 алтын, 2 күміс, 3 қола) жеңіп алып, 3 рет халықаралық байқауға қатысып дипломант атанды. Биылғы жылы 1 үйірме мүшесі, 1 қосымша білім беру педагогі мамыр айында Ресей еліндегі Орел қаласында өткен Халықаралық Дельфий ойындарына қатысып дипломант атанды. Сондай-ақ, 3 үйірме мүшесі республикалық байқауға жолдама алды. Үлгілі «Балауса», «Дарын», «Нұршашу» би топтары республикалық, халықаралық би байқауына қатысып, 2 бас жүлде және 2 орын алды.

Педагогтеріміз мамандық таңдауға бағыттау ісінде бала бойындағы дарын мен қабілетін байқаумен ұштастырады. Әр жасөскіннің дарыны бұл жолда басты «нысана». Соны межелеп болашақ алар мамандығын айқындайды. Атап айтсақ, осында педагог болып жұмыс жасап жүрген Қайсар Сисенғазиев, Мұрат Есендосов, Элвира Тұлақбаева сияқты кезінде осы орталықтың үздік шәкірттері болғандар, бүгінде үздік мамандар. Сол мамандар мемлекеттік «Дипломмен ауылға» бағдарламасымен жұмысқа орналасып, баспаналы болды. Өз мамандықтарын БШО-ның қабырғасында айқындап алғандар қазір сол сала бойынша ЖОО оқиды.

Осы білім мен тәрбие орталығы әрдайым демеушілерге риза. Олардың қатарында ата-аналар, жеке кәсіпкерлер, ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйым) мүшелері қолдау көрсетіп, өтініштерімізді жерге тастаған емес. Солардың арқасында үлкен байқауларға қатысып, жүлделі орындарды бағындырдық.

Қосымша білім беру жүйесі жеке тұлғаны оқыту, тәрбиелеу және дамытудың тұтастығын қамтамасыз ететін өнеге орталығы болғандықтан, бұл салада жұмыс істейтін педагогтер білімдерін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтеріміз облыстық, республикалық біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысу арқылы өз білімдерін жетілдіріп, еліміздегі өзге де қосымша білім беру

ұйымдарымен тығыз қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізуде.

Баланың бос уақытында олардың өмірге белсенділігін және өнер-білімге деген ынтасын қалыптастыруда Теректі ауданының Сарыөмір ауылындағы Шалқар көлі жағасында орналасқан «Ақ шағала» сауықтыру лагерінің жұмысы өте ауқымды. Жыл сайын 9 кезеңде ұйымдастырылып, әрбір кезеңде 40 баладан 360 оқушы тынығады. Онда Қазақстан Халқы Ассамблеясы 20 жылдығы шеңберінде көптеген шаралар ұйымдастырылып, «Мәңгілік ел» бағдарламасы ісіміздің мазмұнды болуына оң бағыт берді. 2013 жылы облыстық «жазғы сауықтыру демалысының үздік ұйымы - 2013» атты байқауының «Үздік қала сыртындағы балалардың сауықтыру лагері» номинациясы бойынша жүлделі I орынды иеленді.

Бүгінгі таңда халқымыздың ежелден желісі үзілмей келіп жеткен көне де, ізгі дәстүрі жалғаспақ. Қазақтың дәстүрлі өнерін жалғастыра отырып, оны әлем елдерінің бай мұраларымен байыта келіп, мазмұнды ұлттық тәрбие беру басты мақсатымыз.